

Ерекше білімді қажет ететін баламен жыл бойына жүргізілген жұмыстың қортындысы

Абдисаматова Ақбота 02.08.2016 жылы туған. 01.09.2023 ж. бастап Рудный қаласының Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясының 1 «А» сыныбына қабылданды.

Ақбота ерекше білімді қажет ететін оқушы. Ақботаның мінезі ашық, тәртібі жақсы, өз-өзіне қызмет жасай алады. Қатарластарымен тез тіл табыса алады. Ақботаның кейбір сөздерге тілі келмегендіктен көпшіліктің алдында сөйлеуге ұялады. Ол оқу жылының басында сөйлеуге, тапсырма орындауға сәл қиналып, сұрақ қойса ұзақ ойланып тұрып қалатын еді.

Қоршаған орта туралы түсінігі мол, айналасындағы адамдармен, сыныптастарымен тіл табыса алады. Оқу материалын қабылдайды, зейіні тұрақты, заттар мен құбылыстарды ажыратады, оларды талдау өз бетімен қорытынды жасауы жақсы. Еске сақтау қабілеті шығармашылық қиялы орташа деңгейде дамыған.

Ақботаға жыл бойы арнайы жеңілдетілген тапсырмалар әзірлеп беріп отырдым. Оның арнайы жұмыс дәптері бар, сол дәптеріне тапсырмаларды орындап отырды. Сонымен қатар дидактикалық ойындар құрастырғыштар мен пазл жинау, суретпен жұмыс жасады. Мысалы, ана тілінен мәтінмен жұмыс барысында қиналатындықтан, кей уақытта сабақтан тыс тапсырмалар беріліп, жекелей жұмыс жасалды. Жалпы физикалық дағды бойынша деңгейі жақсы жүгіреді, аттау, секіру өрмелеу сияқты жаттығуларды орындай алады. Спорттық ойындарға белсенді қатысады. Коммуникативтік дағды бойынша деңгейі орташа, себебі, сөздерді айтқана соңғы буындарын толық айта алмай қысқартып сөйлейді.

Тура және кері санай алады, шағын мысалдарды шығара алады, үлкен-кіші яғни салыстыруды біледі. Аталған тапсырмаларды тақтаға шығып орындауға өте белсенді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар бойынша жоғарыда айтып өткендей ауызша сұрақтарға жауап беруде қиналады, бірақ сурет бойынша әңгіме құрастыруға белсенділік танытады, алайда орысша айтады. Отбасы туралы біледі айтады. Қоршаған орта жайлы түсінігі қалыптасқан үй, дала жануарларын, құстарды, өсімдіктерді ажырата алады, мамандықтарды олардың атқаратын қызметі туралы біледі. Қоршаған орта туралы түсінігі мол, айналасындағы адамдармен, сыныптастарымен тіл табыса алады. Оқу материалын қабылдайды, зейіні тұрақты, заттар мен құбылыстарды ажыратады, оларды талдау өз бетімен қорытынды жасауы жақсы.

Оқу жылының соңында оқушыда біршама өзгерістер байқалды. Мысалы, диктант жазғанда Ақботаның жазуы таза, сөздердің байланысын дұрыс көрсетеді, математикадан қосу және азайтуға берілген есептерді қатесіз шығарады.

Ақботаның сабаққа белсенділігі жақсы, жазу, сызу немесе сурет бойынша байқауларға қатысты, біршама жетістіктері бар. Сөйлеу, тыңдау жаттығуларын жасау арқылы сөздік қоры дамып келе жатыр. Жыл бойы оқушы өзін жақсы жақтарынан көрсете білді.

Сынып жетекші: Исабулова Л.С. 